БЕКІТЕМІН
«Абай облысының білім басқармасы» ММ
Басшысының м.а.
_____ Д. Илиясов
«28» тамыз

Әлеуетті жекеше әріптестердің «Абай облысының Семей қаласында жалпы білім беретін мектепті салу және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша екі кезеңдік рәсімдерді пайдалана отырып, жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстың бірінші кезеңінде техникалық ұсыныс әзірлеу және беру жөніндегі

ТЕХНИКАЛЫҚ ТАПСЫРМА

Жобаның мақсаты: Семей қаласында жаңа жалпы білім беретін мектеп салу қажеттілігін шешу және орта білім беру саласында оқушы орындарының таныстығын төмендету арқылы халықтың қажеттілігін қанағаттандыру.

Жекеменшік әріптестік объектісінің сипаттамасы: Жоба аясында жекеменшік әріптеспен Семей қаласында 1500 оқушыға арналған жалпы білім беретін мектептің салу көзделген, жер учаскенің алаңы 2,993 га құрайды *(ғимараттың отырғызылуына байланысты учаскенің сегментациясы болады).*

Техникалық ұсыныстарды ұсынуға қойылатын талаптар мен нысан: Қолданылатын жоба шешімдері ҚР ЕЖ, ҚР ҚН талаптарына сәйкес, сондай-ақ технологиялық шешімдердің талаптарына сәйкес орындалуы тиіс.

Техникалық ұсыныстарды әзірлеуде Қазақстан Республикасының ұлттық және үкіметтік емес стандарттарын қолдану талаптары *(бар болған жағдайда):*

Жобалауды жүзеге асыру кезінде келесі талаптарға сәйкес жұмыс жүргізілуі қажет:

- ҚР ЕЖ 3.02-111-2012 «Жалпы білім беру ұйымдары»;
- ҚР ҚН 3.02-11-2011 «Жалпы білім беру ұйымдары»;
- ҚР ҚН 2.02-01-2023 «Ғимараттар мен құрылыстардың орт қауіпсіздігі»;
- ҚР ЕЖ 3.02-107-2014 «Қоғамдық ғимараттар мен имараттар»;
- ҚР ЕЖ 3.06-101-2012 «Ғимараттар мен имараттарды халықтың қимылы шектеулі топтары үшін қолжетімділіктің есебімен жобалау»;
- ҚР ЕЖ 3.01-101-2013 «Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылысын салу»;
- ҚР ЕЖ 3.01-105-2013 «Елді мекендердің аумақтарын абаттандыру».
- ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті Төрағасының 2024 жылғы 31 шілдедегі № 107-НҚ бұйрығы;
- ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 жылғы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары.

Техникалық талаптарға сәйкес оқу процесі функционалды-педагогикалық құрылым бойынша бөлінген топтармен қарастырылуы тиіс: бастауыш сыныптар тобы, пәндер бойынша оқу және арнайы кабинеттер тобы, жалпы мектептік топ, оқу-спорттық, әкімшілік-қызметтік топ.

Сонымен қатар заманауи жабдықтар мен құрылғыларды қолдану талап етіледі.

Техникалық ұсыныстарды ұсыну мерзімі: **2025 жылғы 28 қазан сағат 00:00-ге дейін** *(жергілікті уақыт).*

МЖӨ жобасы бойынша алдын ала шығындар көлемін айқындау талабы ***(МЖӨ нысанын құруға, оны пайдалану бойынша):***

МЖӨ жобасы бойынша есептер Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 16 маусымдағы № 52 бұйрығымен бекітілген *(2025 жылғы 23 тамыздан бастап қолданысқа енгізілген)* Қосымша 9 *(2-тарау)* талаптарына сәйкес ұсынылуы қажет.